

Исова Л.Т., Жакиева А.М.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі көші-қон үдерісі

Мақалада көші-қонның әлеуметтік феномен ретінде заманауи халықаралық қатынастар мен жалпы әлемдік даму акторына айналу үрдісін қарастырған. Дамыған мемлекеттердің сыртқы саясатын құру үдерісіндегі көші-қонның әсерін айқындап, оның жаһандық демографиялық жағдайға, әлемдік экономика мен бөлек мемлекеттер экономикасына, халықаралық қаржы жүйесіне, әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен халықаралық қауіпсіздік түсінігінің өзгеруіне сай сипаттама беруге талпыныс жасалған.

Аймақтық ынтымақтастықтың дамуын және жалпы аймақтың тұрақты дамуына әсер етуді ескере отырып, көші-қон үдерістерінің кейбір теориялық және қолданбалы аспектісі кешенді зерттелді. Халықаралық қатынастарда көші-қон үдерістерін басқару саласында әлеуметтік және экономикалық дамуды қамтамасыз етуші мүдделі құрылымдардың қызметі негізге алынды.

Түйін сөздер: көші-қон үдерісі, жаһандану, еңбек миграциясы, әлемдік даму, халықаралық қатынастар, демография, әлемдік саясат, қауіпсіздік.

Issova L.T., Zhakyeva A.M.

Migratory process in modern system of the international relations

The article examines the migration process of transformation as a special social phenomenon in the actor of modern international relations and world development. Author tries to reveal the role of migration in the process of formation of the foreign policy of modern states, its impact on the global demographic situation, the global economy, changes in the international security concepts.

Taking into account influence on development of regional collaboration and common regional steady development, some theoretical aspects of migratory processes were investigated. Functions of competent structures are taken into account providing economic and social development in a sphere management of migratory processes in international relations.

Key words: migration process, globalization, labor migration, world developments, international relations, demography, world politics, security.

Исова Л.Т., Жакиева А.М.

Миграционные процессы в современной системе международных отношений

В статье рассматривается процесс мировой миграции как особого социального феномена современных международных отношений и мирового развития. Автор попытался раскрыть роль миграции в процессе формирования внешней политики современных государств, ее влияние на глобальную демографическую ситуацию, мировую экономику, изменение понятия международной безопасности. Учитывая ее влияние на развитие регионального сотрудничества и общее региональное устойчивое развитие, были исследованы некоторые теоретические аспекты миграционных процессов. Взяты во внимание функции компетентных структур, обеспечивающие экономическое и социальное развитие в сфере управления миграционных процессов в международных отношениях.

Ключевые слова: процесс миграции, глобализация, трудовая миграция, мировое развитие, международные отношения, демография, мировая политика, безопасность.

**ҚАЗІРГІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАР
ЖҮЙЕСІНДЕГІ
КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІ**

Адам өркениеті жаңа ғасырға жаһандық әлем феноменін түсініп қадам басты. Халықаралық қатынастардың өлшемі өзгеріп, маңызды мәселелері ауқымдалды. Сол өлшемдердің бірі қазіргі әлемдік саясаттан көші-қон мәселесі.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап көші-қон орын ауыстыру масштабтары айтқысыз ауқымдалған еді. БҰҰ халық саны бөлімінің мағлұматы бойынша, XXI ғасырдың басында көші-қон айналымға әлемдік қоғамның 218 мемлекеті қатысуда. Өзі туған немесе азаматтығын алған мемлекет сыртында өмір сүріп жатқан адамдар саны 175 млн-ға жетті. Бұл әлем халқының 3%-ын құрайды. Алғаш қарағанда бұл сан пайыздық қатынаста аз болып көрінуі мүмкін. Алайда, қарастырылып отырған әлеуметтік феноменнің өрлеу қарқындығын ескеру қажет. Бүгінгі күнде халықаралық мигранттар саны XX ғасырдың 50-ші жылдарындағы мигранттар санынан үш есе көп. Бұдан басқа, қазіргі заманда ішкі көші-қон орын ауыстыру үдерістері халықаралық деңгейге өтуде. БҰҰ санағы бойынша, олардың жиілігі өткен ғасырдың 80-ші жылдарында 750 млн-нан 1 млрд адамға дейін жетті. Басқаша сөзбен, ғаламшардың әрбір алтыншы тұрғыны қоныс аударушы [1, 48 б.]. Бұл санға саяхатшының үлесі қосылмағанын айтып өту қажет. Бүкіләлемдік туристік ұйымның санағы бойынша (БТҰ), олардың саны 2004 жылы 750 млн-ға тең болса, 1960 жылы 69 млн адамға тең болған [2, 15 б.].

Халықаралық орын ауыстыру көлемінің артуы оның сапасының өзгеруіне алып келді. Ерекше әлеуметтік феномен ретіндегі көші-қон қазіргі заманғы халықаралық қатынастар мен жалпы әлемдік дамуға тигізетін әсерін қарастырып көрейік.

Халықаралық қатынастар туралы сөз қозғалғандықтан белгілі бір мемлекеттердің сыртқы саясатын құру мен мигранттардың саяси белсендігі үшін көші-қон түсінігі ерекше қызығушылық туғызады.

Көші-қон орын алмасу үрдістері басты іс-әрекет тұлғалары мен бөлек аймақтардың саяси даму тетігіне айналғанын тарихтағы мысалдардан байқай аламыз.

1948 жылғы Израиль мемлекетінің құрылуын еске түсірсе, әлемнің түпкір-түпкірінен еврейлердің қоныс аудару нәтижесінде пайда болды. Жалпы Еуропалық «Сохнут» агент-

тігінің мәліметі бойынша, 1948-1999 жылдар аралығында Израильге 2 млн адам кірді. Сонымен қатар, Израильдің құрылуы 2,5 млн палестиналық қашқындардың пайда болу мәселесін тудырды. Әлемдік қоғамның бұл мәселені шешу мақсатында, 50-ші жылдардың басында босқындар мәселесі бойынша БҰҰ-ның Жоғарғы Коммисар Басқаруын құрып, 1951 жылы қашқындарға қатысты арнайы Конференция өткізілді.

70-ші жылдардың екінші жартысында Вьетнам, Камбоджа және Лаосан адамдардың мәжбүрлі қоныс аударуы көші-қонның сыртқы саясатқа тигізетін әсерін сипаттады. Осы мемлекеттерден қашқан «Қайықтағы адамдар» саны 90-шы жылдардың басында 3 млн адамға жеткен екен және бұл жайт халықаралық қатынасқа әсер етпей қоймады.

XX ғ. 80-ші жылдары Оңтүстік-Шығыс Азияда орын алған оқиғалар да мәселенің дәлелі. Жапония, Корея Республикасы, Тайвань, Гонгконг және Сингапур жұмыс күшін импорттаушыға айналды. Жұмыс күшін экспорттауға көңіл бөлген Қытай астыртын эмигранттардың негізгі тасымалдаушысы еді. 2001 жылы тек Жапония мен Ресейде ғана 1,5 млн-нан аз емес қытайдың заңсыз қоныс аударушылар саны анықталды [3, 110 б.].

Мигранттардың саяси белсендігіне келетін болсақ, кейбір жағдайларда олар өз мемле-

кеті мүддесіне жұмыс істейтін этникалық топ түрінде қарастырылады. Кейде олар отанында орын алған қарулы қақтығыстарға қатысатын тараптарға көмек көрсетеді. Мұндай жағдайлар албан, күрд, тамаль, армян, эритрей және эфиопия ұлттарымен қатысты болды.

Сонымен қатар, мигранттардың саяси маңыздылығы туралы нақты нәтижелер айту мүмкін емес. Орыс ұлтының шетелдегі үлесі бұған бірден-бір дәлел бола алады. Жақын шетелде орыс отандастардың 110 түрлі қоғамдық ұйымдары құрылды, ал 110 түрлі мемлекеттерде өмір сүріп жатқан 10 млн Ресейден шыққандарға келетін болсақ [4, 14 б.], олардың отанына қосылуы орыс мәдениеті мұрасының сақталып, оны кітап шығару арқылы таратуға үлес қосады.

Көші-қон үрдістерінің әлемдік демографиялық жағдайына, көші-қон көлемінің артуы демографиялық дамудағы көші-қон маңыздылығын арттырады. Бұл түйінді халық санының өсуі мен оның көші-қондық құрылымы қатынасы талдауының нәтижелері нақтылай алады, мысалы 1985 жылдан бастап 2000 жылға дейін жыл сайынғы халық санының артуы 1,7%, көші-қон арту – 2,6%-ға тең болған екен [5].

Жалпы халықаралық көші-қон, соңғы жылдарда дамыған мемлекеттерде халық санының артуы мен дамымаған мемлекеттерде оның азаюына септігін тигізген екен (1-кестені қараңыз).

1-кесте – Дамыған және дамушы мемлекеттер халық санының артуына халықаралық көші-қонның қосатын үлесі [6, 100 б.]

Аймақтар	1985-1990			1990-1995		
	Таза көші-қон бірлігі %	Халық санының арту бірлігі %	Жалпы халық санының артуындағы көші-қонның үлесі %	Таза көші-қон бірлігі%	Халық санының арту бірлігі %	Жалпы халық санының артуындағы көші-қонның үлесі %
Дамыған мемлекеттер	1,6	6,0	26,7	1,8	4,0	45,0
Дамушы мемлекеттер	-0,5	20,4	-2,5	-0,5	7,6	-2,0

Зерттеушілердің айтуынша, халықаралық көші-қон әсерінен мемлекеттердің жыныстық және жас шамасына байланысты құрылысына да әсері бар екен. Мысалы, С. Кастлес пен М. Миллердің пікірінше, халықаралық көші-қонның болашақта даму заңдылықтарының бірі ретінде феминизация болып табылатындықтан, бұл мәселеде ғалымдар нақты бір шешімге келме-

ді. Қалай болғанда да, еңбек көші-қон халық санының жас шамасына әсер ететіні сөзсіз. Халықаралық көші-қонның жалпы әлемдік экономика мен жеке мемлекеттер экономикасына тигізетін әсері қарама-қайшылықтарға толы.

Экономикалық жағынан қарайтын болсақ, мұнда әлемдік еңбек нарығының дамуы маңызды болып отыр. Ал, өз кезегінде, шетел еңбек кү-

шінің экспорты және импортымен сипатталады. Бүгінгі күнде бұл жайт үлкен масштабқа ие болып, барлық халықаралық көші-қон үдерісін анықтайды. Атақты зерттеуші В. Бендингтің пікірінше, қазіргі заманда ол әлемдік экономиканың қарқынды түрде жаһандануда, бұл өз

кезегінде, 100-ден аса мемлекеттің экономикасы мен жұмыс күшіне әсер етеді [7, 9 б.].

Халық көші-қонды қабылдайтын мемлекеттердің де, мигранттарды шығаратын мемлекеттердің де әлеуметтік-экономикалық дамуына қарама-қайшы әсері (2-кесте) бар [7, 3 б.].

2-кесте – Көші-қонға жұмыс күшінің әсері

Қабылдайтын мемлекеттердің	Экономикасына
Пайда	Жоғалту
<ul style="list-style-type: none"> – Өндіруші күштердің даму факторы; – Арзан жұмыс күшін жалдаған кәсіпкерлер пайда көреді; – Маманданбаған жұмыскерлердің келумен маманданған жұмыскерлердің мүмкіндіктері артады; – Тұтынушылар арзан тауар мен қызметтерді сатып алады; – Мемлекеттік бюджетке оң әсерін тигізеді (салық кірістері артады); – Мигранттардың тауар мен қызметті сатып алатын саласына мультипликациялық әсері болады. 	<ul style="list-style-type: none"> – Мемлекеттік еңбек нарығындағы еңбек күшінің арзандануына байланысты маманданбаған жұмыскерлер үшін теріс әсерін тигізеді; – Мемлекеттік бюджетке кері әсерін тигізеді (кедейшілікке байланысты жәрдемақы төленеді, әлеуметтік мектептердің толуы және т.б.); – Ұлтаралық қақтығыстар орын алуы мүмкін; – Қылмыс саны артуы мүмкін.

Жұмыс күшінің көші-қоны халықаралық қаржыға әсер етеді. Әлемдік банктің мәліметі бойынша, ақшалай аударма ағымы дамушы мемлекеттің бірінде 2001 жылы 72,3 млрд долларды құрады. Аудармалар әлемдік экономикада мұнай нарығынан кейінгі екінші орынды иеленген. Ол бұл мемлекеттерде қабылданған жалпы шетел инвестициясының шамамен 42%-ын құрайды (ПИИ) [8, 115 б.]. Әдетте даму мақсатында ресми көмекті асыра сілтеп айтады және бұл экономика саласындағы өзгерістерге төтеп беретін қаржы көзі болып табылады. Ақша аударымдарын ең көп қабылдайтын мемлекеттерге Мексика (10 млрд АҚШ доллары), Индия (9,9 млрд АҚШ доллары), Филиппин (6,4 млрд АҚШ доллары) жатады.

Көші-қонның әлемдік қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуына тигізетін әсері әрқелкі. Зерттеушілер, әдетте көші-қонның орын алмасудың теріс әсеріне көп көңіл бөледі. Әрине, әлеуметтік теңсіздік, этникалық жақтырмаушылық пен қақтығыстар, ұлтаралық мәселелер, мәдени өзгешілікті сақтау және т.б. мәселелерді мойындамауға болмайды. Көші-қонның әлемнің әлеуметтік қайта құрылуына қосатын үлесін ерекше атап өту қажет. Энтони Гидденстің пікірінше, көші-қонның әсерінен кеңістіктегі әлеуметтік қарым-қатынастар өзгеріп, «халықаралық әлеуметтік орын» атты жаңа қоғамдық феномен құрылады. Халықаралық әлемге төніп тұрған қауіп мазмұнының заманауи өзгеруі және қауіп-

сіздік түсінігінің кеңею процесіне халықаралық көші-қонның әсер етуі маңызды болып отыр. Дж. Розенау айтып өткендей, «халықаралық саясат» әлемі ретсіздік және болжамсыздықпен сипатталады, М. николсон өз кезегінде, қатысушылар санының артуы халықаралық қатынастар жүйесіне табансыздық ұялатады [9, 154-160 б.].

Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтері бойынша, бүгінгі күнде әлемдегі халықаралық көші-қон ағынының шамамен үштен бір бөлігі бақыланбайды. Оның шынайы көлемін анықтау мүмкін емес, жасырын иммигранттар саны шамалы түрде белгілі, мысалы, АҚШ-та 2-ден 13 млн-ға дейін, Батыс Еуропада – 1,3-тен 5 млн, Жапонияда – 300 мыңнан 1 млн-ға дейін, Қыр Шығыста – 1-ден 3 млн-ға дейін, Оңтүстік Америкада – 1,5-тен 6 млн-ға дейін жетеді [10, 15 б.].

Астыртын көші-қонның нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа төнетін жаңа қауіп-қатерлер туындайды. Бұл өз кезегінде, салық және басқа да экономикалық заңнамадан тыс дамиды көлеңкелі экономиканың етек жаюы, ақшалай қаражаттың маңызды бөлігі қаржылық айналымнан шығуы және кәсіпкерліктің қылмыстануына алып келеді.

Көші-қонның эволюциясының заманауи тенденциясы ретінде зерттеушілер келесілерді атайды:

– географияны кеңейту, соның ішінде қабылдайтын мемлекеттер ауқымы:

– жалпы халық санынан көші-қонның үлесі бойынша мемлекеттер арасындағы айырмашылықты күшейту;

– мигранттар үлесі орташа статистикалық деңгейден асатын мемлекеттер санының артуы;

– жалпы әлем халқы санындағы өнеркәсіптік мемлекеттер халқы үлесінің азаюы салдарынан осы мемлекеттердегі көші-қон динамикасының өзгеруі;

– мигранттардың жаңа типтерінің пайда болуы, олардың әлеуметтік-мәдени сипатының түрленуі, көші-қонның жағымды әсерін күшейтіп, жағымсыз жақтарын болдырмау мақсатында көптеген мемлекеттердің үкіметтік іс-әрекеттері іске қосылуда [11, 24-26 б.].

Қорытындылай келе, халықаралық көші-қонның әлемдік демографиялық жағдайы, экономика, қаржы, халықаралық қауіпсіздік мәселелері, жалпыәлемдік мәдениеттің эволюциясына тигізетін әсері, көші-қонның ерекше әлеуметтік феноменнен халықаралық

акторға айналуының бірден бір дәлелі бола алады. Совет Үкіметінің экономик географы Н.Н. Баранский: «Көші-қон үрдістері халықтың құрылымдық, әлеуметтік және шаруашылық аясына едәуір ықпал етеді. Көші-қон үрдістерінің есебі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тетіктерінің бірі». Бүгінгі таңда көші-қон бұл интеграция және жаһандану қатарында қазіргі заманғы халықаралық қатынастарды сипаттайтын үрдістердің бірі болып табылады.

Интеграция да және жаһандану да адамзаттың жаһандық мобильділігін және көші-қон үдерістерін күшейтті. Бұл үдеріс аса күрделі, оңтайлы үдерістер қатарында (мемлекеттер мен аймақтардың дамуы, этникалық және конфессияналдық көптүрлілік, аймақтардың демографиялық көрінісін арттыру және т.б) барлық деңгейдегі: ұлттық, аймақтық, жаһандық қауіпсіздік қауіп-қатері ретінде есептеуге болатын көптеген теріс үдерістер де бар.

Әдебиеттер

- 1 Erica Marat. Labor Migration in Central Asia: Implications of the Global Economic Crisis. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road and Policy Center, 2009. – 48 с.
- 2 Рязанцев С.В., Хорие Н. Трудовая миграция в лицах: рабочие-мигранты из стран Центральной Азии в Московском регионе. – М.: Издательство «Экономическое образование», 2010. – 178 с. (15 п.л.)
- 3 Калмакан Н. А. Удовлетворенность трудом: Соц.-экон. аспекты. – М.: Наука, 2003. – 118 с.
- 4 Ломакова В.Д. Социальный портрет трудового мигранта // Кыргызстан: проблемы в сфере трудовой миграции и возможные подходы к формированию политики. – Бишкек, 2004. – 14 с.
- 5 Юдина Т.Н. Миграция: словарь основных терминов // <http://voluntary.ru/dictionary/949>
- 6 Фаминского И. Основы внешнеэкономических знаний. – М.: Международные отношения, 1994. – 480 с
- 7 Migration Policy Issues. Facts and Figures on International Migration. March 2003. №2. – 9 p.
- 8 Деловарова Л.Ф. Миграционные процессы в современных международных отношениях и проблемы региональной безопасности в ЦА // ҚазҰУ хабаршысы. ХҚ және ХҚ сериясы. – №1-2 (51-52). – 2011. – 115 с.
- 9 Чесноков А. С. Миграционная политика и миграционные процессы в странах ШОС // Известия Уральского государственного университета. – 2010. – № 3(80). – С. 154-160.
- 10 Пан Ги Мун Доклад Генерального секретаря Международная миграция и развития. – 2010. – 15 с. <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N10/470/06/PDF/N1047006.pdf?OpenElement>
- 11 Тихонова Е.В. Нелегальная миграция и организованная преступность: уровни взаимодействия // ЭГО. – 2010. – №3. – С. 24-26.

References

- 1 Erica Marat. Labor Migration in Central Asia: Implications of the Global Economic Crisis. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road and Policy Center, 2009. – 48 s.
- 2 Rjazancev S.V., Horie N. Trudovaja migracija v licah: rabochie-migranty iz stran Central'noj Azii v Moskvoskom regione. – М.: Izdatel'stvo «Jekonomicheskoe obrazovanie», 2010. – 178 s. (15 p.l.)
- 3 Kalmakan N. A. Udovletvorennost' trudom: Soc.-jekon. aspekty. – М.: Nauka, 2003. – 118 s.
- 4 Lomakova V.D. Social'nyj portret trudovogo migranta // Кыргызстан: problemy v sfere trudovoj migracii i vozmozhnyje podhody k formirovaniju politiki. – Bishkek, 2004. – 14 s.
- 5 Judina T.N. Migracija: slovar' osnovnyh terminov // <http://voluntary.ru/dictionary/949>
- 6 Faminskogo I. Osnovy vneshnejekonomicheskikh znanij. – М.: Mezhdunarodnye otnoshenija, 1994. – 480 s

- 7 Migration Policy Issues. Facts and Figures on International Migration. March 2003. №2. – 9 p.
- 8 Delovarova L.F. Migracionnye processy v sovremennyh mezhdunarodnyh otnoshenijah i problemy regional'noj bezopasnosti v CA // ҚазҰУ habarshysy. HQ zhәne HQ serijasy. – №1-2 (51-52). – 2011. – 115 s.
- 9 Chesnokov A. S. Migracionnaja politika i migracionnye processy v stranah ShOS // Izvestija Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. – 2010. – № 3(80). – S. 154-160.
- 10 Pan Gi Mun Doklad General'nogo sekretarja Mezhdunarodnaja migracija i razvitija. – 2010. – 15 s. <https://documents-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N10/470/06/PDF/N1047006.pdf?OpenElement>
- 11 Tihonova E.V. Nelegal'naja migracija i organizovannaja prestupnost': urovni vzaimodejstvija // JeGO. – 2010. – №3. – S. 24-26.